ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ

ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРТІЛГЕН АҒЗАЛАРДЫ ТАБУ ҮШІН САРАЛАУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАН АЛЫНҒАН ӨНІМДЕР

Жалпы талаптар мен анықтамалар

ПРОДУКТЫ ПИЩЕВЫЕ

МЕТОДЫ ВЫЯВЛЕНИЯ ГЕНЕТИЧЕСКИ МОДИФИЦИРОВАННЫХ ОРГАНИЗМОВ И ПОЛУЧЕННЫХ ИЗ НИХ ПРОДУКТОВ

Общие требования и определения

ҚР СТ ИСО 24276-2010

(ИСО 24276-2006 «Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табу үшін саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Жалпы талаптар және анықтамалар»

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ

ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРТІЛГЕН АҒЗАЛАРДЫ ТАБУ ҮШІН САРАЛАУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАН АЛЫНҒАН ӨНІМДЕР

Жалпы талаптар мен анықтамалар

ҚР СТ ИСО 24276-2010

(ИСО 24276-2006 «Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табу үшін саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Жалпы талаптар және анықтамалар»

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және №69 «Инфрақұрылымдардың инновациялық технологиялары» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2010 жылғы 4 қазандағы №439-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ИСО 24276-2006 «Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табу үшін саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Жалпы талаптар және анықтамалар» қатынасы бойынша сәйкестендірілген болып табылады.

Сәйкестік дәрежесі - бірдейлендірілген, IDT

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2015 жыл**
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгертулер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған (жойған) немесе ауыстырған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Тағам өнімдері ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРТІЛГЕН АҒЗАЛАРДЫ ТАБУ ҮШІН САРАЛАУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДАН АЛЫНҒАН ӨНІМДЕР Жалпы талаптар және анықтамалар

Енгізілген күні 2011-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт үлгілерді іріктеу стратегиясына, нуклеинді қышқылдардың экстракциясына, нуклеинді қышқылдардың сапалық саралауына, нуклеинді қышқылдардың сандық саралауына және ақуыздарды анықтауға негізделген әдістеріне стандарттарды қолдану тәсілін белгілейді және тағам өнімдерінде генетикалық өзгертілген ағзаларды саралау кезінде олардың өзара байланысын түсіндіреді.

Стандарт жалпы талаптардан, анықтамалардан және зертхана ұйымдары үшін басшылық ететін нұсқаулардан, сенімділігін растау әдісіне талаптардан, әдістер сипатынан және сынақтар хаттамаларынан тұрады.

Стандарт тағам өнімдеріне қолданылады, алайда басқа нысандар (мысалы, қоршаған ортадан іріктелген тұқымдар, азықтар және өсімдік үлгілері үшін) үшін де қолданылуы мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9- 2007 Қазақстан Республикасында шетел мемлекеттерінің халықаралық, аймақтық және ұлттық стандарттарын, стандарттау бойынша басқа нормативтік құжаттарын қолдану тәртібі;

ИСО 5725-1-2000* Өлшем және нәтиже әдістерінің дәлділігі (сенімділік және дәл нәзіктік). 1-бөлім. Жалпы принциптер және анықтамалар;

ИСО/МЭК 17025–2007* Сынау және мөлшерлеу зертханалары құзырлығына жалпы талаптар;

ИСО 21569-2005*Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Нуклеинді қышқылдарды сапалы анықтауға негізделген әдістер;

ҚР СТ 1.9. сәйкес қолданылады.

Ресми басылым

ИСО 21570-2005*Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Нуклеинді қышқылдарды сандық анықтауға негізделген әдістер;

ИСО 21571-2005* Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Нуклеинді қышқылдардың экстракциясы;

ИСО 21572-2005* Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Ақуыздарды анықтауға негізделген әдістер;

EN/TS 21568–2005* Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер. Үлгілерді іріктеу стратегиялары;

ЕСКЕРТПЕ: Осы стандартты қолдану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылдың жай-күйі бойынша және ағымдағы жылы жарияланатын ай сайын басылып шығатын ақпараттық сілтемесіне сәйкес, жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша мақсатты тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжат ауыстырылса, (өзгертілсе), онда осы стандартты қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта ИСО 5725-1 бойынша терминдер, сондай-ақ келесі тиісті анықтамаларымен терминдер қолданылады.

3.1 Жалпы анықтамалар

3.1.1 **Таксон-нысана (мақсатты таксон) (**Target taxon**):** Генетикалық өзгертілген ағзаға жататын таксон

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта таксон биологиялық түрді білдіреді, алайда ол өте төмен сияқты, ең жоғарғы топтастыру дәрежесіне ие болуы мүмкін.

3.1.2 **Зертханалық үлгі (**Laboratory sample**):** Зертханаға жіберу үшін дайындалған және тексеруге немесе сынақтан өткізуге арналған үлгі

3.1.3 **Сынау үлгісі**/Үлгінің жұмыс бөлігі (Test sample/Test portion): Сынау және саралау үшін дайындалған барлық саны бір рет сарапталатын компонент экстракциясы үшін пайдаланылатын үлгі

---

* ҚР СТ 1.9. сәйкес қолданылады.

3.1.4 **Айрықшылығы (**Specificity**):** Әдістің сипаты зерттелетін параметрге немесе затқа ерекше үлгіде жауап береді.

3.1.5 **Сезімталдық (**Sensitivity**):** Стандартты (мөлшерлеу) қисық шоғырланудың тиісті өзгеруіне бөлінген жауап әсердің өзгеруі.

ЕСКЕРТПЕ Бұл қисық еңісті аналитикалық мөлшерлеу.

3.1.6 **Детекторлау шектігі (**Limit of detection LOD**):** Сенімді табыла алатын, бірақ санымен бағалануы міндетті емес сынау үлгісінде зерттелетін заттың шоғырлануы немесе ең төменгі саны зертхананың бірлескен сынақтарының немесе басқа ұқсас сенімділікті тексеру әдісінің көмегімен көрсетілуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ бірлескен сынау зертханасын сипаттайтын [2] сілтемені және сенімділікті тексеру әдісін сипаттайтын [3] сілтемені қарау.

3.1.7 **Сандық анықтама шектігі (**Limit of quantitation LOQ**)** (аналитикалық процедурада**):** Дәлдік пен нақтылықтың тиімді деңгейімен сандық анықталуы мүмкін сынау үлгісінде зерттелетін заттың саны мен ең аз шоғырлануы бірлескен сынау зертханаларының немесе басқа ұқсас сенімділікті тексеру әдісінің көмегімен көрсетілуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ бірлескен сынау зертханасын сипаттайтын [2] сілтемені және сенімділікті тексеру әдісін сипаттайтын [3] сілтемені қарау.

3.1.8 **Дәлдік** (Accuracy): Сынау нәтижесінің және эталонды белгісімен қабылданғанның арасындағы жақындық дәрежесі.

3.1.9 **Ақиқаттық**(Trueness**):** Сынаудың үлкен саны нәтижесінде алынған және эталонды белгісімен қабылданған орташа көлемнің арасындағы жақындық дәрежесі.

ЕСКЕРТПЕ Ақиқаттық өлшемі, әдетте ауытқулар (қателіктер) терминдерінде айтылады. Ақиқаттық «орташа дәлдік» сияқты анықталуы мүмкін.

3.1.10 **Дәл нәзіктік (**Precision**) :** Берілген жағдайда алынған сынақтардың тәуелсіз нәтижесі арасындағы жақындық дәрежесі.

1-ЕСКЕРТПЕ Дәл нәзіктік тек кездейсоқ қателіктерді бөлуге тәуелді және ақиқаттық белгісімен немесе белгіленген көлеммен байланысты емес.

2-ЕСКЕРТПЕ Дәл нәзіктік өлшемі кемшіліктер терминдерінде айтылады және сынау нәтижелерінің стандартты ауытқулары ретінде есептелінеді. Ең аз дәл нәзіктік көбірек стандарттық ауытқуларға сәйкес

келеді.

3-ЕСКЕРТПЕ «Тәуелсіз сынау нәтижелері» сынақтардың сол немесе ұқсас нысандарында бұрын алынған нәтижелердің әсеріне душар болмайтын осындай тәсілдермен алынған нәтижелерді білдіреді. Дәл нәзіктіктің сандық өзгеруі белгіленген жағдайымен тығыз тәуелді. Қайталану және жаңадан өндіру жағдайы төтенше жағдайдың дербес оқиғасы болып табылады.

3.1.11 **Қайталану** (Repeatability)**:** Қайталану жағдайындағы дәл нәзіктік.

3.1.12 **Жаңадан өндіру** (Reproducibility)**:** Жаңадан өндіру жағдайындағы дәл нәзіктік.

3.1.13 **Қайталану шарттары (**Repeatibility conditions**) :** Сынаудың тәуелсіз нәтижелері кезінде бір және сол жабдықты пайдаланатын, бір және сол оператормен бір және сол зертханада уақыттың қысқа интервалы ішінде алынатын шарттар.

3.1.14 **Жаңадан өндіру шарты (**Reproducibility conditions**):** Сынаудың нәтижелері кезінде әр жабдықтарды пайдаланатын, әр оператормен әр зертханада бір және сол ұқсас сынау үлгілері әдісімен алынатын шарттар.

ЕСКЕРТПЕ Егер әр түрлі әдістер азғантай ерекшеленетін сынау нәтижелерін берсе немесе егер әр түрлі әдістер тәжірибе жоспарымен рұқсат етілсе, (тәжірибелікті зерттеу кезі немесе эталонды материалға арналған келісілген көлемді орнату үшін материалдарды сертификаттауға зерттеу кезі сияқты), «жаңадан өндіру» термині қорытынды параметрлерге қолданылуы мүмкін. Шарттар айқын анықталған болуы тиіс.

3.1.15 **Қайталаудың стандартты ауытқулары (**Reproducibility standard deviation)**:** Сынау нәтижелерінің қайталау шартында алынған стандартты ауытқулары.

ЕСКЕРТПЕ Қайталаудың стандартты ауытқуы қайталау шартында сынау нәтижелерінің бөліну дисперсия шамасын береді. «Қайталау ауытқушылығы» және «қайталаудың түрлендірме коэффициенті» ұқсастығы қайталау шартында сынау нәтижелерінің дисперсия шамасы есебінде пайдаланылуы және анықталынуы мүмкін.

3.1.16 **Жаңадан өндірудің стандартты ауытқулары (**Reproducibility standard deviation)**:** Сынау нәтижелерінің жаңадан өндіру шартында алынған стандартты ауытқулары

ЕСКЕРТПЕ Жаңадан өндірудің стандартты ауытқулары жаңадан өндіру шартында сынау нәтижелерінің бөліну дисперсия шамасын береді. «Жаңадан өндіру ауытқушылығы» және «жаңадан өндірудің түрлендірме

коэффициенті» ұқсастығы жаңадан өндіру шартында сынау нәтижелерінің дисперсия шамасы есебінде пайдаланылуы және анықталынуы мүмкін

3.1.17 **Қайталау шектігі (**Repeatibility limit): Қайталау шартында алынған екі сынаудың нәтижелері арасындағы 95 % мүмкіндігімен күтілетін ең аз көлем немесе тең абсолюттік айырмасы.

1-ЕСКЕРТПЕ r белгілеуі қолданады.

2-ЕСКЕРТПЕ Қайталау шартында алынған екі жеке сынау нәтижелерін қарау кезінде салыстыру $r = 2{,}8\ s_r$ қайталау шектігімен жүргізілуі тиіс.

3.1.18 **Жаңадан өндіру шектігі** (Reproducibility limit): Жаңадан өндіру шартында алынған екі сынаудың нәтижелері арасындағы 95 % мүмкіндігімен күтілетін ең аз көлем немесе тең абсолюттік айырмасы.

1 –ЕСКЕРТПЕ R белгіленуі қолданылады.

2-ЕСКЕРТПЕ Жаңадан өндіру шартында алынған екі жеке сынау нәтижелерін қарау кезінде салыстыру $R = 2{,}8\ SR$ жаңадан өндіру шектігімен жүргізілуі тиіс.

3.1.19 **Бірлескен сынақтар, зертханааралық сынақтар**(Collaborative trial, Interlaboratory study): Бірнеше зертханалардағы сынақтар құжаттандыру шарты кезінде гомогенді тұрақты материалдардың бір немесе бірнеше «ұқсас» өлшемдерінің қандай да бір компоненттерді анықтайды және/немесе табады

ЕСКЕРТПЕ Бірлескен сынақтар бойынша басшылық етуші көрсетулер ИСО 5725-2 [8] үйлестірілген хаттамада егжей-тегжейлі жасалған

3.1.20 **Мақсаттар сәйкестігі, қолданылуы** (Fitness for purpose, applicability)**:** Зерттелетін матрикс, компонент немесе биологиялық түр анықтайтын әдісті қолдану саласы, шоғырлану диапазоны және зерттеу/бақылау сынағының типі оның жұмыс сипаттамасынан жорамалдайтын процедурасы сәйкес келеді.

ЕСКЕРТПЕ Ол, сондай-ақ [3] әдісінің белгілі шектеулерімен сипатталады.

3.1.21 **Жүзеге асырылуы** (Practicability)**:** Қойылған мақсат түріне жету және жұмыс параметрлерінің қажетті критерийлеріне жету үшін өткізу қабілеттілігі және үлгілер бағасы терминдеріндегі пайдалану жеңілдігі.

3.1.22 **Қолдану диапазоны/**сандық бағалау диапазоны/сызықтық/ динамикалық диапазоны **(**Applicability range /range of quantitation/linearity/dynamic range)**:** Ішінде бірлескен сынақтармен немесе басқа ұқсас сенімділікті тексеру процедураларымен көрсетілгендей сандық

интервал, дәлдік пен дәл нәзіктіктің жеткілікті деңгейі бар талдау процедурасы.

ЕСКЕРТПЕ Бірлескен сынақтарды сипаттайтын [2] сілтемені және сенімділікті тексеру әдісін сипаттайтын [3] сілтемені қарау.

3.1.23 **Өлшем кемшіліктері** (Measurement uncertainty)**:** Компонентке жүйелі қосылатын көлем дисперсиясын сипаттайтын өлшем нәтижелерімен байланысты параметр.

3.1.24 **Скрининг әдісі**(Screening method)**:** Дәлдік әдісін қолдану үшін талап етілетін сынау үлгілерінің санын шектейтін және теріс (немесе оң) сынау үлгілерінің үлкен санын тез және сенімді алып тастауға (шығарып тастау) мүмкіндік беретін әдіс.

1 - ЕСКЕРТПЕ [4] сілтемені қарау.

2- ЕСКЕРТПЕ Осы стандартта скрининг әдісі генді өнімдерді (ақуыздар сияқты) және/немесе бірнеше GMO үшін генетикалық элементтер (промоторлар, терминаторлар немесе басқа мүдделі генетикалық элементтер сияқты) табу әдісін береді.

3.1.25 **Өзіндік құрастырылым әдісі (**Construct-specific method): Тек GMO-дан алынатын материалда табылатын, DNA бірізділігімен қойылатын комбинацияны ұстанатын әдіс.

3.1.26 **Өзіндік жағдайдағы әдіс** (Event-specific method)**:** Сол немесе басқа нақты түрлендірмелі жағдайда қатысатын өзіндік бірізділікпен табатын әдіс.

ЕСКЕРТПЕ Ол әдетте шеттік интеграция саласына жіберіледі.

3.2 DNA тазартуына және экстракциясына жататын терминдер

3.2.1 **DNA экстракциясы (**DNA extraction): Зерттелетін үлгінің басқа компоненттерінен DNA бөлінуі.

3.2.2 **DNA тазартуы (**DNA purification**) :** Ең таза DNA алынуына әкелетін әдіс.

ЕСКЕРТПЕ Осы мән мәтіндегі тазалық PCR басытқыларының қадағаланатын және өлшенетін тиімділіктердің азаюына жатады.

3.2.3 **DNA PCR–сапасы (**PCR quality DNA**):** PCR әдісі амплификациясына арналған жеткілікті ұзындықты, химиялық тазалықты және құрылымдық тұтастықты DNA үлгісі.

3.3 DNA және PCR амплификациясына жататын терминдер

3.3.1 **Нуклеинді қышқылдардың бірізділік ұқсастығы /** Нуклеинді қышқылдардың бірізділік ұқсастығы **(**Identification of nucleic acid

sequences/identity of nucleic acid sequences): Эталонды нуклеинді қышқылдың бірізділік фрагментімен салыстыру жолымен ұқсастықты белгілеу.

ЕСКЕРТПЕ Мысалы, рестрикциялық гидролизаттар профилімен салыстыру немесе нуклеинді қышқылдардың бірізділігін салыстыру үлгісімен өзіндік будандастыру.

3.3.2 **Біріктіру саласы(**Junction region**):** Промотор және геннің кодталатын бөлігі сияқты келесі екі бірізділік элементін қоршаған DNA бірізділігі.

3.3.3 **Интеграцияның шекаралық саласы (**Integration-border region): Ағза - реципиенттен болатын бір элементті, ал трансформация барысында қойылған DNA-дан болатын басқа элементті біріктіру саласы.

3.3.4**. Таксоннан (эндогендік) тәуелді мақсатты бірізділік** (Taxon-specific (endogenous) target sequence/ sequence known to be specific for the target taxon)**:** Оның белгілі мақсатты таксон үшін ерекшелігі туралы бірізділік.

1-ЕСКЕРТПЕ Ол мақсатты таксонда үнемі қатыса алады және басқа таксондарда жоқ бола алады.

2-ЕСКЕРТПЕ Мақсатты таксон үшін қалай болғанда да, ерекше бірізділіктің екі түрі бар:

- мысалы мақсатты таксоннан нуклеинді қышқылдың болуына жеткізетіндей пайдалана алатын бірізділіктің ауыспалы саны немесе мульти көшірмесі;
- мысалы, сандық саралау кезінде мақсатты таксонның балама геномының базалық деңгейінде белгіленуі үшін эталонды бірізділік есебінде пайдалана алатын бірізділіктің жалғыз көшірмесі немесе көшірмелердің шамалы саны.

3.3.5 **Тура ток**(Forward flow): Шала немесе дайындалған жұмыс бөлігі (амплифициялық DNA қосқанда) барлық саралау кезінде физикалық оқшаулау болып қалатын зертханалық үлгіні қамтамасыз ету үшін үлгіні/материалдарды өңдеу принципі.

3.4 DNA және PCR бақылауларына жататын анықтамалар

ЕСКЕРТПЕ Ақуызды анықтауға негізделген әдістерге қолданылатын бақылаулар ISO 21572 сипатталған. Келесі анықтамалар DNA анықтауға негізделген әдістер үшін қолданылады.

3.4.1 **Мақсатты DNA оң бақылауы (**Positive DNA target control): Сертификатталған эталондық материалдан немесе белгілі типтік оң үлгіде зерттелетін бірізділіктің немесе ағзаның айқындалған DNA немесе эталондық DNA.

ЕСКЕРТПЕ Бұл бақылау PCR үшін реактивтер ойдағыдай жұмыс істейтінін көрсету үшін қолданылады.

3.4.2 **Мақсатты DNA теріс бақылауы (Negative DNA target control):** Сертификатталған эталондық материалдан немесе белгілі типтік теріс үлгіде зерттелетін бірізділігі жоқ, айқындалған DNA немесе эталондық DNA

ЕСКЕРТПЕ Бұл бақылау құрамында мақсатты бірізділігі жоқ зерттелетін үлгілердің саралауының нәтижелері теріс болатындығын көрсетеді.

3.4.3 **PCR тежеу бақылауы** (PCR inhibition control): Мақсатты компоненттің ерекше үлгісін сынау кезінде **PCR** тежеу бақылауының құралын қамтамасыз ететін реакциялық қоспа.

1-ЕСКЕРТПЕ Бұл бақылау PCR еритін басытқыларының барын анықтауға мүмкіндік береді және ол әсіресе теріс амплификация жағдайында және сандық PCR кезінде қажетті.

2-ЕСКЕРТПЕ Әсіресе мақсатты DNA белгілі саны бақылануы тиіс реакцияға қосылады. Бұл түпнұсқалық мақсатты бірізділік немесе оған ұқсас біреу болуы мүмкін, мысалы, бәсекелестің плазмидасы (бәсекелестік плазмида) сияқты сәл өзгертілген мақсатты бірізділік.

3.4.4 **PCR реагенттердің бақылауы (**PCR reagent control): Сынау үлгісінің экстрленген эталонды **DNA** басқа амплификациясы үшін барлық реактивтері бар бақылау

ЕСКЕРТПЕ Бұл бақылау реактивтерде ластанған нуклеинді қышқылдардың жоқтығын көрсету үшін қолданылады. Эталонды DNA орнына реакциялық қоспаға, мысалы, тазартылған судың балама көлемі қосылады.

3.4.5 **Экстракцияның бос бақылауы (Extraction blank control):** Үлгінің жұмыс бөлігін қосудан басқа экстракция процедураларының барлық сатысында тектендірілген жолмен жүргізілетін бақылау.

1-ЕСКЕРТПЕ Мысалы, үлгінің жұмыс бөлігін сумен ауыстыру жолы.

2-ЕСКЕРТПЕ Бұл бақылау экстракция барысында ластанған нуклеинді қышқылдардың жоқтығын көрсету үшін қолданылады.

3.4.6 **Экстракцияның оң бақылауы (**Positive extraction control): Мақсатты **DNA** айқындауға мүмкіндік беретін жолмен жүргізілетін **DNA** экстракциясының процедурасын көрсету үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Мысалы, біле тұра мақсатты DNA бар үлгі материалын қолдану жолымен.

3.4.7 **Қоршаған ортаны бақылау (Environment control):** Бақылау, мысалы, зертханалардағы ауаларда ластанған нуклеинді қышқылдардың жоқтығын анықтау үшін қолданылады.

ЕСКЕРТПЕ Бақылау өзімен барлық процесс ішінде ауа бару үшін ашық қалдыратын судың нуклеинді қышқылдардан сәйкесті еркін көлемі бар түтігін береді.

3.5 Эталонды үлгілерге жататын терминдер

3.5.1 **Эталонды материал (**Rreference material**):** Материал немесе зат, бір немесе бірнеше, қайсысының сипаты жеткілікті біртекті және сенімді белгіленсе, онда ол түтікті мөлшерлеу, өлшеу әдісінің дәлдік бағалауы үшін немесе [ISO Guide 30] материалдарына арналған көрсеткіштерді белгілеу үшін қолданыла алады.

3.5.2 **Сертификатталған эталонды материал (**Certified reference material): Сертификаттау органымен берілген басқа құжаттамалар немесе қадағаланатын сертификаты немесе сертификаты бар процедуралармен техникалық жүргізу көмегімен бір немесе бірнеше сипаты сертификатталған, сертификатпен жабдықталған эталонды материал.

3.6 Сандық анықтамаларға жататын терминдер

ЕСКЕРТПЕ Ақуыздарды анықтауға негізделген әдістерге қолданылған ИСО 21572 сипатталған. Келесі анықтамалар DNA негізделген әдістерге қолданылады.

3.6.1 **DNA эндогендік бірізділік (**Endogenous DNA sequence): Тиісті таксон үшін табиғи болып табылатын нақты DNA эталонды бірізділігі.

ЕСКЕРТПЕ DNA эндогендік бірізділік, егер бірізділік көшірмелердің тұрақты санында болатын болса және мақсатты таксон сорттарының арасында аллельдік вариация тудырмаса, мақсатты таксонның балама геномдық санын анықтау үшін қолданыла алады.

3.7 GMO жататын терминдер

3.7.1 **GMO мазмұны** (GMO content): Өнімде GMO алынған материалдар немесе GMO саны және бірдейлілігі.

ЕСКЕРТПЕ Әдетте GMO мазмұны сараланатын компонентті детекторлеу жолымен бағаланады (сандық анықтама және теңдестіру).

4 Лайықты халықаралық стандарттарға қолдану

4.1 Жалпы ережелер

ИСО ISO 21569, ИСО 21570, ИСО 21571 и ИСО 21572 қосымшаларында келтірілген сенімділікті тексеру әдістері [2,8] зертханаларында бірлескен сынақтарда немесе басқа ұқсас [6] сенімділікті тексерудің процедураларында жүргізілген. Сенімділікті тексеру нәтижелері және әдістердің жұмыс сипаттамасы әр әдісте сипатталған.

Жоғарыда көрсетілген стандарттар тағам өнімдерінде GMO материалдарынан алынғанын табу үшін лайықты деп саналатын жеке әдістердің қатарын қосады. Әдістің(тердің) нақты таңдауы мақсат сәйкестігінен тәуелді және осы стандарттарды кім қолданады, соларға ары қарай егжей-тегжейін алу үшін әр қосымшаны қолдану саласына көңіл аударуы қажет.

Генетикалық өзгертілген ағзаларды табу үшін стандарттар және тағам өнімдерінде олардан алынған өнімдер Кіріспеде келтірілген. Осы стандарттар арасындағы өзара байланыс бірізділік операциясының схемасымен 1-суретте сипатталған.

ЕСКЕРТПЕ ИСО 21569, ИСО 21570 және ИСО 21571 қосымшаларында келтірілген әдістер үшін ИСО/ТС 21098 [12] жалпы талаптар береді.



1-сурет — Бірізділік операцияларының және өзара байланысты стандарттардың арасындағы өзара қатынас схемасы

4.2 Әдістерді таңдау үшін қолданушы үшін басшылық

4.2.1 Жалпы ереже

Нақты мақсатты компоненттер ерекшелігі және детекторлау әдістері біршама түрлендіруі мүмкін. Сондықтан таңдалған әдіс(тер) қалаған

ерекшелікті қамтамасыз ететініне сенімді болуы маңызды 4.2.2. және 4.2.3. келтірілген басшылық пайдалы болуы мүмкін.

4.2.2 Ақуызды саралау мақсаты есебінде қолданатын әдістер

Ақуыздар нақты қарама - қарсы денелерді қолдану көмегімен табылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сол немесе басқа ақуызды табу үшін әдетте нақты қарама-қарсы денелерді алады. Ақуызға қарама-қарсы дененің туыстық дәрежесі экстракциядан кейін ақуыз конформациясынан тәуелді. Қолданылатын қарама-қарсы дененің ерекшелігі көрсетілуі тиіс (мысалы, тоғыспалы реактивтік болмауы тиіс). Ақуызды сандық анықтау көмегімен, егер бір және сол ақуыз айқындайтын GMO бір оқиғасынан көп орны бар болса, GMO ерекше оқиғасын табу тиянақты жүзеге асырыла алмауы мүмкін.

Айқындалған ақуыздың барына негізделген скрининг әдісі GMO өндіретін болып табылатын материал құрауы мүмкін трансген өнім жоғын немесе құрамында барын бағалайтындай пайдалы болып шығуы мүмкін.

Кейбір матрикстерде GMO бар болуын сандық анықтау ELISA сияқты ақуыздарды анықтауға негізделген әдістердің көмегімен жүзеге асуы мүмкін. Әдіс саралауға тұратын матрикс үшін сенімділікке тексерілуі тиіс және сынау үлгілерінде ақуыз санын есептеуді жүзеге асыратын қисық мөлшерлеудің құрылуы үшін стандарттар қолжетімді болуы тиіс.

4.2.3 Саралау мақсаты есебінде DNA қолданатын әдістер

GMO өндіруші болып табылатын материалдың барын анықтау үшін нысана есебінде DNA пайдаланатын аналитикалық әдістер ерекшелігі DNA мақсатты бірізділігінің өзіндік сипатынан тәуелді. Төменде қолданылуы және ерекшелікті жіктегіші келтірілген.

a) Таксон - әдетте түрде, жалғыз таксонда табылған DNA мақсатты бірізділігінің ерекше әдістері, бірақ өте төмен немесе өте жоғары таксономикалық жағдайы бар болуы мүмкін. Таксон-ерекше әдістері сол немесе басқа таксоннан шығатын DNA санының және сапасының барын анықтау кезінде пайдалы болуы мүмкін және кейде GMO өндіруші болып табылатын материалдың біршама мазмұнын анықтау кезінде бастапқы нүкте есебінде қолданылады. Ерекшелік сараптамалық мәліметтің көмегімен белгіленуі тиіс.

b) Әр түрлі жағдайда табылған, бірақ барлық өзгеру жағдайында табылуы міндетті емес DNA мақсатты бірізділігінің скрининг әдістері. Бұл бірізділіктер, сондай-ақ GM болып табылмайтын материалдарда табылуы мүмкін, мысалы, табиғи вирустар немесе бактериялардың бар болуы салдары. Скрининг әдістері GMO өндіретін болып табылатын материал құрауы мүмкін трансген өнім жоғын немесе құрамында барын бағалайтындай пайдалы болып шығуы мүмкін. Скрининг әдістерінің мысалдары сапалы ПЦР болып табылады, соның көмегімен гүлді қырыққабаттың мозаика вирусынан 35S промотор табылады.

c) Ерекше құрастырылым әдістері тек GMO өндіруші болып табылатын материалында, яғни гендік инженерияның көмегімен құрастырылған DNA

бірізділігі элементтерінің комбинациясында табылады. Нақты гендік құрастырылымды табу DNA шығатын түрлендірмелік оқиғасының теңестірілуі үшін жеткілікті болуы мүмкін, алайда сол гендік құрастырылым бірден көп түрлендірмелі оқиғада қолданылуы мүмкін және әр оқиғада бір гаплоидті GM-геномда толық және/немесе қиылған гендік құрастырылымдар көшірмелерінің енгізілген саны түрлендіріле алады.

d) Ерекше оқиға әдістері тек бірыңғай түрлендірмелік оқиғаны өндіруші болып табылатын материалында, әдетте енгізілген DNA мен иесіне тән геноммен (интеграция шекаралық саласы) арасындағы біріктіру саласын қамтитын DNA бірізділігінде табылады. Ерекше оқиғалы DNA бірізділігінің көшірмелер саны - әрқашан бір гаплоидті GM-геном. Ерекше оқиға әдістері әсіресе ерекше оқиғаларды теңестіру үшін жарамды және нақты уақытта PCR сенімділікті тексеру әдістерінде қолданылса, сондай-ақ нақты GMO шығатын DNA санын бағалауы мүмкін.

4.3 Жұмыс сипаттамалары

4.3.1 Жалпы ереже

Тиімді жұмыс сипаттамасы және әдістер деңгейі тиісті стандарттардың қосымшаларында көрсетілгендей.

4.3.2 Детекторлеу шектігі(LOD)

ИСО 21569, ИСО 21570 және ИСО 21572 қосымшаларында көрсетілгендей әр аналитикалық әдіс үшін LOD көлемдері әдістерді әзірлеушінің мәлімдемесімен және/немесе зертхананың бірлескен сынауларымен жүргізілетін сенімділікті тексеру деректеріне негізделген және ақпараттық мақсат үшін енгізілген. Бірлескен зертханалық сынаулар деректерінен алынған LOD көлемдері әдетте төмен немесе жаңадан өндірудің > 33 % біршама стандартты ауытқуларымен < 5 % жалған теріс нәтиже беретін компоненттің ең төменгі санына сілтенеді. Алайда, бұл көлемнен асатын немесе оған жетпейтін компоненттің кейбір деңгейлері жаңадан өндірудің біршама стандарттық ауытқулары > 33 % болуы мүмкін, тиісті қосымшадан толығырақ танысуға болады. Сандық LOD әдістері үшін жаңадан өндірудің біршама стандартты ауытқулары 33 % болуы үшін компоненттің өте төменгі деңгейіне сәйкес келеді.

Нақты LOD – мақсатты таксонның геномының көшірмесінің белгілі санын беретін (анықталған/есептелінген), табылуы мүмкін мақсатты DNA ең аз біршама саны. Тиісті түрдегі геномның молекулярлық массасына негізделген көшірмелер санын есептеу үшін [7] сілтемесінде келтірілген өлшемдер пайдаланылуы тиіс. Нақты LOD үлгінің жұмыс бөлігімен, матрицалық DNA сапасымен/санымен және абсолютті LOD әдісімен байланысты.

Сенімділікке тексерілген әдісі жоқ немесе LOD сәйкес өзара мәндес болатын матрицалар үшін зертханалар ішкі жұмыс тәжірибесіне негізделген

нақты LOD хабарлауы немесе осы матрицалар үшін ол белгісіз екендігі жөнінде атап өтуі және ерекше матрицаға сенімділікке тексерілген LOD сілтемесін жасауы тиіс.

4.3.3 Сандық анықтамалар шектігі (LOQ)

ИСО 21569, ИСО 21570 және ИСО 21572 қосымшаларында көрсетілгендей әр аналитикалық әдіс үшін LOQ көлемдері әдістерді әзірлеушінің мәлімдемесімен және/немесе зертхананың бірлескен сынауларымен жүргізілетін сенімділікті тексеру деректеріне негізделген және ақпараттық мақсат үшін енгізілген. Бірлескен зертханалық сынаулар деректерінен алынған LOQ көлемдері әдетте төмен немесе жаңадан өндірудің 25 % біршама стандартты ауытқуларын беретін компоненттің ең төменгі санына сілтенеді. Алайда, осы көлемді асыратын немесе оған жетпейтін компоненттердің кейбір деңгейлері жаңадан өндірудің > 25 % біршама стандартты ауытқулары болуы мүмкін; толығырақ тиісті қосымшалармен танысуға болады және [2] және [6] сілтемелерін қарау.

Нақты LOQ – мақсатты таксон көшірмелер белгілі санын беретін (анықталған/есептелінген), сенімді сандық анықталуы мүмкін мақсатты DNA ең аз біршама саны. Тиісті түрдегі геномның молекулярлық массасына негізделген көшірмелер санын есептеу үшін [7] сілтемесінде келтірілген геном өлшемдер пайдаланылуы тиіс. Нақты LOQ үлгінің жұмыс бөлігімен, матрицалық DNA сапасымен/санымен және абсолютті LOQ әдісімен байланысты.

Сенімділікке тексерілген әдісі жоқ немесе LOQ сәйкес өзара мәндес болатын матрицалар үшін зертханалар ішкі жұмыс тәжірибесіне негізделген нақты LOQ хабарлауы немесе осы матрицалар үшін ол белгісіз екендігі жөнінде атап өтуі және ерекше матрицаға сенімділікке тексерілген LOQ сілтемесін жасауы тиіс.

5 Зертханаға және процедураларға жалпы талаптар

5.1. Жалпы ереже

Процедура мынадай сатыны қосады:

- көрнекі үлгіні алу;
- зертханалық үлгінің гомогенизациясы;
- сынау үлгінің өлшемдеріне дейін зертханалық үлгіні азайту;
- үлгіні дайындау және ұсақтау;
- сараланатын компоненттің экстракциясы;
- сынау, интерпретация және нәтижелер туралы есеп.

Сол немесе басқа процедуралар үшін ерекше нұсқаулар негізгі мәтінде және ИСО 21569, ИСО 21570, ИСО 21571 және ИСО 21572 жеке қосымшаларда мазмұндалады.

5.2 Бақылауларды пайдалану

Бақылаулар 1-кестеге сәйкес пайдаланылуы тиіс. Бұл кесте тек DNA анықтауға негізделген әдістерге қолданылады. Ақуызды анықтауға негізделген әдістерге қолданылатын бақылаулар ИСО 21572 сипатталған.

1-кесте– Бірізділік сатысы және бақылауды қосу арасындағы қиылысты көрсететін схема[a]

Бақылау сатысы	Қоршаған ортаны бақылау[b)]	Экстракцияның бос бақылауы[c)]	Экстракцияның оң бақылауы[d)]	Мақсатты DNA оң бақылауы[e)]	Мақсатты DNA теріс бақылауы[f)]	Амплификация реагенттерін бақылау[g)]	PCRтежеуін бақылау[h)]
Гомогендеу	Ұсынылады						
Нуклеинді қышқылдардың шайғыны	↓[a]	Серияға біреу	Тұрақты интервалдарымен міндетті				
Нуклеинді қышқылдардың сапасын бағалау	↓	↓	↓				
Нуклеинді қышқылдардың амплификациясы	↓	↓	↓	Міндетті	Ұсынылады	Міндетті	Ұсынылады, бірақ кейбір жағдайларда міндетті[i)]
Нукле							

инді қышқылдардың амплификациясы нәтижелерін бағалау	↓	↓	↓	↓	↓	↓	↓
Интерпретация		↓	↓	↓	↓	↓	↓
Зертеу туралы есеп		↓	↓	↓	↓	↓	↓

[a] Нұсқаулар бұл бақылауды келесі сатыда да қолдануға болатындығын көрсетеді

[b] Қоршаған ортаны бақылауын қолдану зертхананы бұрынғы сатыда контаминация көздеріне теңестіруге және теңестіру үшін қай жұмыс үй-жайында контаминация барына көмектеседі.

[c] Қалай болғанда да бір бос бақылауы, ДНК бір немесе одан көп үлгіден айқындалатын болса, әрқашан қосылуы тиіс. Түтік әрқашан әр серияда соңғысы болуы тиіс. Бір бос экстракциясын лайықты араластыруы мүмкін, мысалы, автоматты экстракция үшін сегіз түтіктен немесе 96 ойықтан микроплашкадан таянышқа.

[d] Экстракцияның оң бақылауы экстракция үшін реактивтердің жаңа топтамасы қолданғанда барлық жағдайларда жүйелі түрде қосылуы тиіс. Егер реактивтермен немесе экстракция хаттамасын жүргізумен бірдеңе болса, онда бұл бақылау оны табады.

[e] Мақсатты DNA оң бақылауы мақсатты таксон немесе GMO нуклеинді қышқылдардың үлгісін табатын нуклеинді қышқылдардың амплификация процедуралар қабілеттілігін көрсетеді. Бұл шарт экстракцияның тиісті оң бақылауының көмегімен орындалуы мүмкін.

[f] Мақсатты DNA теріс бақылауы мақсатты таксон немесе GMO нуклеинді қышқылдарының үлгісінде жалған оң амплификациясының жоғынан қашатын нуклеинді қышқылдардың амплификация процедураларының қабілеттілігін көрсетеді.

[g] Амплификация реагенттерінің бақылауы PCR үшін реактивтер топтамасында пайдаланылатын ластанған нуклеинді қышқылдардың жоғын

көрсетеді. Амплификация реагенттерінің бақылауы экстракцияның бос бақылауы пайдаланылған кезде төмен түсірілуі мүмкін.
[h] PCR тежеуді бақылауын ерітілген ингибиторлардың жоғын көрсету үшін пайдаланыла алады. Бұл сондай-ақ, матрицалық нуклеинді қышқылдарды сериялық көбейту жолымен көрсетілуі мүмкін. Алайда үлгіні саралау нәтижесіне ерітілген ингибиторлардың тиімділігін бағалаудың кейбір типтері жасалуы тиіс.
[i] PCR тежеуді бақылау, егер үлгілердің барлық зерттеулері PCR көмегімен теріс болса және өнімдер үшін амплифициряльық DNA шығу үшін белгісіз болса, міндетті болып табылады.

5.3 Зертхананы ұйымдастыру

5.3.1 Жалпы ереже

Қауіпсіздік ережесіне және қауіпсіздік жөніндегі өндірушінің ұсыныстарына қатысты тиісті талаптарды сақтаған жөн және ISO/МЭК 17025 айтылған басшылық принциптерімен сәйкес солай істелінуі қажет.

5.3.2 Зертхананы жобалау

DNA кездейсоқ контаминациясы шаң-тозаңнан немесе шашыраңқы аэрозольдан шығуы мүмкін. Осының салдарынан, зертханада жұмыс үй-жайын ұйымдастыру мыналарға қисынды негізделген:

- нәтижелерді алу үшін пайдаланылатын барлық әдістемелік сатыларды жүйелі қорғау;
- үлгімен жұмыс кезінде «тура ток» принципінде.

DNA анықтауға негізделген әдістер үшін төмендегі зертхана құрастырылымы қолданылады.

Ең кем дегенде төрт жеке жобаланған өзінің жеке жабдықтарымен ұсталынған/мамандандырылған жұмыс үй-жайы қажет, атап айтқанда:

a) ұсату және гамогенизация үшін жұмыс аймағы

b) зерттелетін материалдан нуклеинді қышқылдардың экстракциясы үшін жұмыс аймағы;

c) PCR/амплификациясының реакциясын қоюға арналған жұмыс аймағы;

d) егер бұл қарастырылмаса, DNA бірізділігінің амплифициряльық сипаттамасын және саралауын қоса келесі өңдеуге арналған жұмыс аймағы.

Егер ұсақтау үшін шаң бөлшектерін тудыратын жабдықтарды пайдаланылса, бұл жұмыс қосымша жұмыс аймағында жүргізілуі тиіс.

Алуан бөлмені пайдалану жолымен физикалық бөлу бөлек жұмыс аймақтарын қамтамасыз ету аса тиімді және ұнамды жолы болып табылады, алайда олардың тиімділігі салыстырмалы болған жағдайы кезінде контаминациядан қорғау үшін басқа да әдістер пайдаланылуы мүмкін.

5.3.3 Қызметкер

Зертхана қызметкерлері ұсақтауға арналған аймақ немесе PCR-лік аймақ бекеті сияқты әр түрлі жұмыс аймақтарында әр түрлі зертханалық киім киюі тиіс. Олар, сондай-ақ бір рет пайдаланатын бес саусақты қолғаптарды пайдалануы тиіс. Егер бұл мүмкін болса, ұнтақпен себілген бес саусақты қолғаптарды PCR қоюға дейінгі реакция операциялары үшін алынып тасталуы тиіс, сондықтан бұл ұнтақ ол өндіріліп жатқанда PCR реакциясын тежеуі немесе оны контаминациялануы мүмкін, мысалы, жүгері крахмалынан материалмен. Бес саусақты қолғап және зертханалық киім тиісті кезеңдікпен ауыстырылуы тиіс. Барлық PCR- процедуралар контаминацияны алып тастайтын жағдайларда жүргізілуі тиіс.

Сынау процедураларының барлық сатысын жүргізетін барлық қызметкер тиісті әдістермен жұмыс үшін оқытылуы тиіс.

5.3.4 Құралдар және басқа жабдықтар

Зертхана, жабдығы бар, қолданылатын әдістер үшін жарамды тиісті түрде пайдаланылуы тиіс.

Құралдар және басқа жабдықтар әзірлеушінің нұсқауларымен сәйкес ұсталынуы тиіс.

5.3.5 Материалдар және реактивтер

Егер басқаша белгіленбесе, саралау үшін тек молекулярлық биология үшін жарамды және DNA-дан және DNA- лардан бос «аналитикалық мақсат үшін» біліктілігі бар реактивтер пайдаланылады. Реактивтер және ерітінділер, егер басқаша анықталмаған болса, бөлме температурасы кезінде сақталуы тиіс. PCR үшін реактивтер контаминация қаупін мейлінше азайту үшін шағын аликвот түрінде сақталуы тиіс. Пайдаланылатын су би тазартылған немесе салыстырмалы сапада болуы тиіс. Ерітінділерді, егер басқаша анықталмаған болса, келесі автоклавтаумен тиісті реактивтерді суда ерітумен дайындаған жөн. Егер автоклавтау мүмкін болмаса, онда стерильді фильтрацияға арналған жабдықты пайдалануға болады (тесіктердің мүмкін болатын өлшемі 0,22 мкм).

PCR қою аймағында контаминацияның алдын - алу үшін стерильді әдістеме қабылдануы тиіс, көбінесе, микро тамызғыштар үшін ұштықтар аэрозольдан қорғалған ұнтақпен себілмеген саусақты қолғаптар, стерильденген пластикті ыдыс, автоклавтанған реактивтер, бір рет пайдаланатын пластикті ыдыс пайдалануы тиіс.

Құрамында реактивтері бар материалдар және барлық контейнерлер, сондай-ақ барлық бір рет пайдаланатын буып-түюлер кез-келген контаминациялайтын агенттен сақталуы тиіс (мысалы, шаңнан).

Реактивтерді қолдану бойынша өндірушінің ұсыныстарымен көңіл қойған жөн. Реактивтердің жұмысқа қабілеттілігін және оларда DNA жоғын бағалау үшін тиісті бақылаулар қолданылуы мүмкін.

Препараттарда PCR кедергі келтіруі мүмкін ешқандай қарастырылмаған ыдырату белсенділігі (мысалы, экзонуклеазды) болмауы

тиіс. Реакциялық буфер пайдаланылатын полипрезаның сауда таңбасына сәйкес келуі тиіс.

6 Нәтижелерді беру және интерпретациясы

6.1 Жалпы ереже

Сандық әдістер үшін нәтижелерді есептеу және беру ISO 21570 и ISO 21572 келтірілген. Бірде бір мәндегі немесе нәтиже берілмеуі тиіс.

6.2 Бақылаулардың интерпретациясы

Әр бақылаудың даусыз мәні бар және кез-келген бақылау үшін қадағаланатын нәтиже осы мәннен ерекшеленетін болса, саралау қайталануы тиіс. Қоршаған ортаны бақылау оң (күтілген көлемде амплификация өнімі табылды) немесе теріс (амплификация өнімі табылмады) болуы тиіс, бірақ оң нәтиже зертханалық үй-жайлар контаминациясын болдырмау немесе жою бойынша шараларды әрқашан ынтагерлік білдіруі тиіс. Егер кез келген басқа бақылаулар үшін негізделмеген нәтижелер қайталанып алынған жағдайында қатеге жауапты көзді(дерді) жою/ауыстыру бойынша шаралар қабылданған болуы тиіс, содан кейін саралау қайталануы тиіс. Аралау нәтижелері тек барлық бақылаулар даусыз нәтиже берген жағдайда ғана ұсынылады. Даусыз нәтижелер бақылау үшін мынадай:

- реакцияның оң бақылаулары әрқашан оң болуы тиіс;
- экстракцияның бос бақылаулары әрқашан теріс болуы тиіс;
- мақсатты DNA оң бақылауы әрқашан оң болуы тиіс;
- мақсатты DNA теріс бақылауы әрқашан теріс болуы тиіс;
- амплификация реактивтерінің бақылаулары әрқашан теріс болуы тиіс.

PCR тежеу бақылауы реакцияға қатысты айрықша басытқылық тиімділікті тудырмауы тиіс (саралау сапасы үшін тежеу тиімділігі сандық саралаудан қарағанда кем дегенде айтылуы тиіс).

Бақылаулар үшін PCR мүмкін нәтижелері 2-кестеде тізбектелген. Олар сынау үлгісіне арналған нәтижелерге интерпретация/есептерді беру үшін қолданылады.

2-кесте—PCR нәтижелерінің мысалдары

Сынау үлгісі	Экстракцияның оң бақылауы	Экстракцияның бос бақылауы	Мақсатты DNA ДНК теріс бақылау	Мақсатты DNA PCR оң бақылауы	Нәтиженің интерпретациясы
+[a]	+	—	—[b]	+	Оң
—	+	—	—	+	Теріс

+	+	+	—	+	Шешім қабылдау үшін жеткіліксіз [c]
—	—	+	—	—	Шешім қабылдау үшін жеткіліксіз [c]
—	—	—	—	—	Шешім қабылдау үшін жеткіліксіз [d]

[a] PCR өнімі табылады

[b] PCR өнімі табылмайды

[c] процедура экстракция сатысынан бастап қайталануы тиіс (мүмкін контаминация).

[d] процедура экстракцияның басқа әдісін немесе тазартудың қосымша сатысын пайдаланумен қайталануы тиіс (мүмкін контаминация).

Сынаулардың барлық сатылары және алынған нәтижелер хаттандырылған болуы тиіс.

6.3 Теріс нәтиженің айтылуы

Теріс нәтиже ешқашан «нөл» немесе «GMO жоқ» сияқты айтылмауы тиіс.

Келесі фраза сынау хаттамасында мазмұндалуы тиіс: «Х мақсатты компонентіне байланысты GMO өндіруші болып табылатын материал табылмады».

Бұдан басқа, сынау хаттамасы мынадай ақпаратты қосуы тиіс:

- ерекше матриксте сенімділікті тексеру LOD әдісі,
- зертхана тәжірибесіне немесе сараланған үлгілерде негізделген матрикс үшін нақты LOD (немесе оның белгісіздігі туралы бекіту).

Нақты LOD сенімділікті тексеру LOD әдісінен жоғары немесе тең болуы тиіс.

6.4 Оң нәтиженің айтылуы

Оған келесі немесе балама фраза сынау хаттамасында мазмұндалуы тиіс: «Х мақсатты компонентіне байланысты өндіруші болып табылатын материалдардың (ерекше мақсатты бірізділіктi көрсету) бары табылды».

GMO бірдейлілігі, егер ол белгілі болса, хаттамаға енгізілуі мүмкін.

6.5 Бір мағыналы емес нәтижелердің айтылуы

Үлгінің жұмыс бөлігін сынау нәтижесі қайшылықсыз болуы тиіс. Егер, тым болмаса үлгінің бір жұмыс бөлігі оң нәтижесін берсе, және мейлінше біреуі теріс нәтиже берсе, саралау сол зертханалық сынауда қайталануы тиіс.

Мынадай жағдайда, егер, тым болмаса, сынау екі рет қайталанса (нуклеинді қышқылдардың экстракциясынан бастап) оң нәтиже және теріс нәтиже сияқты бір мағыналы нәтижелер береді, сынау хаттамасы үлгі ISO 21569 и ISO 21570 сәйкес детекторлеу шектігінде теріс болып табылатыны жөнінде атап өтуі тиіс.

6.6 Сапа кепілділігіне талаптар

Сапа кепілділігінің жалпы аспектілері ISO/IEC 17025 айтылуы тиіс.

Олар жеке матрикске жарамды болып, әдістер сенімділікке тексерілсе және көрсетілсе, бұл әдістер осы қосымша матрикстер үшін қолданылатыны белгіленгенге дейін ұқсас немесе басқа матрикстерге қолданылмауы тиіс.

7 Сынау хаттамасы

Сынау хаттамасы тым болмаса мынадай ақпаратта мазмұнданууы тиіс:

a) зертханалық үлгідегі теңестірілу үшін қажетті барлық ақпаратты;

b) зертханалық үлгіге қатысы бар кез-келген ерекше ақпаратты (мысалы, жеткіліксіз өлшем, кері кету жағдайы);

c) осы стандартқа және тиісті қосымшаға сілтеме;

d) үлгілерді іріктеуге қолданылатын процедурасының(ларының) типі және күні туралы есеп;

e) алған күні;

f) егер қолдануға жарайтын болса, сақтау шарты

g) егер қолдануға жарайтын болса,саралаудың басталған /аяқталған күні;

h) саралауға жауапты тұлға;

i) зертханалық үлгінің және сынау үлгісінің өлшемі;

j) нәтижелер туралы есеп үшін қолданылған, сондай-ақ реттеу құралдарын және есептеу әдістерін қолданған өзіндік әдіс және өлшем бірліктері талаптарына сәйкес нәтижелер;

k) зерттеу барысында жасалған барлық ерекше бақылаулар;

l) сынаудың техникалық шарттарынан алып тастаудан немесе сынаудың техникалық шарттарын қосудан кез-келген ауытқулар

m) ISO 21569 немесе ISO 21570 сынау хаттамаларына арналған белгіленген тармақтағы талаптар;

n) 6-тарауда анықталған барлық қажетті тұжырымдар.

Ақпарат өлшем бірліктері қатынасына берілуі тиіс.

Өлшем кемшіліктері және олардың сенімді интервалдары қолданушы үшін оның сұрауы бойынша нәтижелерге қолжетімді болуы тиіс.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарының халықаралық стандарттарының сілтемелік стандарттарына сәйкестігі туралы мәлімет

Халықаралық стандарттың белгіленуі және атауы	Сәйкестік дәрежесі	Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартының және халықаралық стандарттың белгіленуі және атауы
ISO 5725-1-2000 Өлшем әдістерінің дәлділігі (сенімділік және дәл нәзіктік) және нәтижелері. 1-бөлім.Жалпы принциптер және анықтамалар;	IDN	ГОСТ ИСО 5725-1-2002* Өлшем әдістерінің дәлділігі (сенімділік және дәл нәзіктік) және нәтижелері. 1-бөлім.Жалпы принциптер және анықтамалар;
ISO/IEC 17025–2006 Сынау және мөлшерлеу зертханаларының құзырлығына жалпы талаптар;	IDN	СТ РК ISO/IEC 17025–2007 Сынау және мөлшерлеу зертханаларының құзырлығына жалпы талаптар;
ISO 21569-2005 Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдардың сапалы анықтауына негізделген әдістер;	IDN	ГОСТ ИСО 21569-2009* Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдардың сапалы анықтауына негізделген әдістер;
ISO 21570-2005 Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдардың сандық анықтауына негізделген әдістер;	IDN	ГОСТ ИСО 21570-2009 * Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдардың сандық анықтауына негізделген әдістер;
ISO 21571-2005 Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға	IDN	ГОСТ ИСО 21571-2009 * Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға

арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдар экстракциясы;		арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Нуклеинді қышқылдар экстракциясы;
ISO 21572-2005 Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Ақуыздарды анықтауға негізделген әдістер;	IDN	ГОСТ ИСО 21572-2009* Тағам өнімдері. Генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер.Ақуыздарды анықтауға негізделген әдістер;

* жариялануға жатады

Библиография

[1] Codex Alimentarius Commission, Procedural Manual, Twelfth Edition for Principles for the Establishment of Codex Methods of Analysis, Guidelinesof the Criteria Approach, 2001, p. 64 (см. CX/MAS 01/4)

[2] Horwitz, W. Protocol for the design, conduct and interpretation of method performance studies. Pure and Applied Chemistry, 67, 1995, pp. 331-343

[3] Codex Committee on Methods of Analysis and Sampling, In House Method validation. In House validated methods and their role in methods of analysis for Codex purposes. Codex Alimentarius Commission (CX/MAS 98/8), 1998, Budapest, Hungary, 23-27 November 1998

[4] Codex Committee on Methods of Analysis and Sampling, In House Method validation. In House validated methods and their role in methods of analysis for Codex purposes. Codex Alimentarius Commission (CX/MAS 98/8), 1998, Budapest, Hungary, 23-27 November 1998

[5] Inhorn, S.L. Quality Assurance Practices for Health Laboratories, APHA, Washington DC, 1978, p. 588 [5] gost.e-ecolog.ru , ISBN 0-948926-12-0

[6] Thompson, M., Ellison, S.L. and Wood, R. Harmonised guidelines for single laboratory validation of methods of analysis. Pure and Applied Chemistry, 47, No. 5, 2002, pp. 835-855

[7] Arumuganathan, K. And Earle, E.D. Nuclear content of some important plant species. Plant Mol. Biol. Rep., 9(3), 1991, pp. 208-218

[8] ISO 5725-2, Өлшеулер нәтижелерінің және әдістерінің дәлділігі (сенімділігі және дәл нәзіктігі) 2- бөлім. Өлшеулердің стандартты әдістерінің жаңадан өндіруін және қайталануын анықтаудың базалық әдістері

[9] ISO 7002; 1986, Ауыл шаруашылық тағам өнімдері – топтамалардан үлгілерді іріктеудің стандартты әдістері схемасы

[10] ISO/I EC 17025, Сынау және мөлшерлеу зертханалары құзырлығына жалпы талаптар

[11] ИСО Басшылық 30:1992* Стандартты үлгілер саласында қолданылатын терминдер және анықтамалар

[12] ISO/TS 21098 Тағам өнімдері. Нуклеинді қышқылдарды анықтауға негізделген олардың өндірушісі болып табылатын генетикалық өзгертілген ағзаларды және өнімдерді зерттеу әдістері. ИСО 21569, ИСО 21570 немесе ИСО 21571 әдістерін қосу процедурасы және ақпарат ұсынылуы тиіс.

ӘӨЖ 579.672:637.065:006.354 **МСЖ 67.050**

Түйінді сөздер: тағам өнімдері, генетикалық өзгертілген ағзаларды табуға арналған саралау әдістері және олардан алынған өнімдер, малға арналған азықтар, тұқымдар, жалпы талаптар мен анықтамалар

Ескертулер үшін

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПРОДУКТЫ ПИЩЕВЫЕ

МЕТОДЫ ВЫЯВЛЕНИЯ ГЕНЕТИЧЕСКИ МОДИФИЦИРОВАННЫХ ОРГАНИЗМОВ И ПОЛУЧЕННЫХ ИЗ НИХ ПРОДУКТОВ

Общие требования и определения

СТ РК ИСО 24276-2010

(ИСО 24276-2006 «Продукты пищевые. Методы анализа для обнаружения генетически модифицированных организмов и полученных из них продуктов. Общие требования и определения» (ISO 24276:2006 «Foodstuffs — Methods of analysis for the detection of genetically modified organisms and derived products — General requirements and definitions»), IDN)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации» и Техническим комитетом по стандартизации «Инновационные технологии инфраструктуры», ТК 69

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 04.10.2010 г. № 439 - од

3 Настоящий проект стандарта является идентичным по отношению к ИСО 24276-2006 «Продукты пищевые. Методы анализа для обнаружения генетически модифицированных организмов и полученных из них продуктов. Общие требования и определения» (ISO 24276:2006 «Foodstuffs — Methods of analysis for the detection of genetically modified organisms and derived products — General requirements and definitions»).

Степень соответствия – идентичный, IDN

4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2015 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений - в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Государственные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без решения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Продукты пищевые
МЕТОДЫ ВЫЯВЛЕНИЯ ГЕНЕТИЧЕСКИ МОДИФИЦИРОВАННЫХ ОРГАНИЗМОВ И ПОЛУЧЕННЫХ ИЗ НИХ ПРОДУКТОВ
Общие требования и определения

Дата введения 2011-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает способ использования стандартов на

стратегии отбора образцов, экстракцию нуклеиновых кислот, качественный анализ нуклеиновых кислот, количественный анализ нуклеиновых кислот и методы, основанные на определении белков, и объясняет их взаимосвязь при анализе генетически модифицированных организмов в продуктах питания.

Стандарт содержит общие требования, определения и руководящие указания для организации лабораторий, требования к методу подтверждения достоверности, описание методов и протоколов испытаний.

Стандарт применяется для продуктов питания, но может быть применен также и для других объектов (например, для семян, кормов и растительных образцов, отобранных из окружающей среды).

2 Нормативные ссылки

Для применения настоящего стандарта необходимы следующие ссылочные нормативные документы:

